

**С.С. Калдыбаева<sup>1\*</sup>** , **С. Йылдырым<sup>2</sup>** 

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Хажеттепе Университеті, Анкара, Түркия

\*e-mail: safurakaldybayeva@gmail.com

## **ОСМАН ИМПЕРИЯСЫ МЕН ТҮРКІСТАН БАЙЛАНЫСТАРЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК ИДЕОЛОГИЯ (XIX ғ. соңы – XX ғ. басы)**

Мақалада XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Осман империясы мен Түркістан арасындағы байланыстардың саяси идеологиялық негіздері қарастырылады. Османлы элитасы Ресей империясының билігіндегі түркі-мұсылман халқына ықпал ету құралы ретінде қолдануға тырысқан панисламизм мен пантүркизм тұжырымдамаларында көрсетілген түркілік идеологияның қалыптасуындағы алғышарттарға назар аударылды. Османлы қоғамындағы саяси өзгерістерге байланысты түркілік идеяның мазмұнының жаңаша сипат алуы, түркі халықтары мен мұсылман қауымына бағытталған пантүркизм идеяларының мақсаттары және жүзеге асыру тетіктері талданады. Османлы билігінің практикалық қадамдары: эмиссарларды жіберу, діни әдебиеттерді тарату, білім беру байланыстарын дамыту және жәдидшілік қозғалыс өкілдерімен идеологиялық диалог құруы қарастырылып, Ресей империясының отарлық саясаты жағдайында Түркістандағы жәдидшіл зиялылардың саяси идеяларға жауабы мен қатынасы зерттелді.

Зерттеу жұмысының мақсаты – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Осман империясы мен Түркістан байланыстарындағы түркілік идеологиясының қалыптасуының алғышарттары мен түркілік идеяның Орта Азияда таралуы және Түркістанның реакциялық жауабын бағалау болып табылады. Методологиялық негізін тарихи-аналитикалық, салыстырмалы тарихи және өркениеттік талдау принциптерін біріктіретін кешенді әдістер құрайды. Мақаланың ғылыми жаңашылдығы авторлардың XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Осман империясы мен Түркістан мұсылмандары арасындағы саяси, мәдени және діни байланыстарды айқындаған фактор ретінде түркі идеологиясын кешенді тұрғыда талдауға талпыныс жасауы болды.

**Түйін сөздер:** түркілік идеология, панисламизм, пантүркизм, Осман империясы, Түркістан, ұлт, ұлтшылдық, жәдидизм.

S.S. Kaldybayeva<sup>1\*</sup>, S. Yildirim<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Hacettepe University, Ankara, Republic of Türkiye

\*e-mail: safurakaldybayeva@gmail.com

## **Turkic ideology in relations between the Ottoman empire and Turkestan (end of XIX century – beginning of XX century)**

The article examines the political and ideological foundations of relations between the Ottoman Empire and Turkestan in the late 19th and early 20th centuries. Particular attention is given to the prerequisites for the formation of Turkic ideology as reflected in the concepts of Pan-Islamism and Pan-Turkism, which the Ottoman elite sought to employ as instruments of influence over the Turkic-Muslim populations under the rule of the Russian Empire. The study analyzes the transformation of the content of the Turkic idea in connection with political changes within Ottoman society, as well as the aims and mechanisms of implementing Pan-Turkist ideas directed toward the consolidation of Turkic peoples and the broader Muslim world.

The article explores the practical measures undertaken by the Ottoman administration, including the dispatch of emissaries, the dissemination of religious literature, the development of educational ties, and the establishment of ideological dialogue with representatives of the Jadidist movement. Within this context, the study investigates the response and attitudes of the Turkestani Jadid intelligentsia toward these political ideas, formed under the conditions of the Russian Empire's colonial policy.

The aim of the research is to identify the prerequisites for the formation of Turkic ideology in Ottoman–Turkestani relations at the turn of the 19th and 20th centuries, to analyze the spread of the Turkic idea in Central Asia, and to assess Turkestan's reactive response to these ideological influences.

The methodological basis of the study combines comprehensive approaches that integrate the principles of historical-analytical, comparative-historical, and civilizational analysis.

The scientific novelty of the article lies in the author's attempt to conduct a comprehensive analysis of Turkic ideology as a determining factor in the political, cultural, and religious relations between the Ottoman Empire and the Muslims of Turkestan in the late 19th and early 20th centuries.

**Keywords:** Turkic ideology, pan-Islamism, pan-Turkism, Ottoman Empire, Turkestan, nationality, nationalism, jadidism.

С.С. Калдыбаева<sup>1\*</sup>, Сейфи Ыылдырым<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Университет Хажеттепе, Анкара, Турецкая Республика

e-mail: safurakaldybayeva@gmail.com

### Тюркская идеология в отношениях Османской империи и Туркестана (конец XIX в. – начало XX в.)

В статье рассматриваются политико-идеологические основы взаимоотношений между Османской империей и Туркестаном в конце XIX – начале XX вв. Особое внимание уделено предпосылкам формирования тюркской идеологии, отражённым в концепциях панисламизма и пантюркизма, которые османская элита стремилась использовать в качестве инструмента влияния на тюрко-мусульманское население, находившееся под властью Российской империи. Анализируется трансформация содержания тюркской идеи в связи с политическими изменениями в Османском обществе, цели и механизмы реализации пантюркистских идей, направленных на консолидацию тюркских народов и мусульманского мира.

Рассмотрены практические шаги османской администрации: направление эмиссаров, распространение религиозной литературы, развитие образовательных связей, установление идеологического диалога с представителями джадидистского движения. В этом контексте исследуется реакция и отношение туркестанской джадидской интеллигенции к политическим идеям, формировавшимся в условиях колониальной политики Российской империи.

Цель исследования заключается в выявлении предпосылок формирования тюркской идеологии в османско-туркестанских отношениях конца XIX – начала XX вв., анализе распространения тюркской идеи в Центральной Азии и оценке ответной реакции Туркестана на данные идеологические влияния.

Методологическую основу исследования составляют комплексные подходы, объединяющие принципы историко-аналитического, сравнительно-исторического и цивилизационного анализа.

Научная новизна статьи заключается в предпринятой авторами попытке комплексного анализа тюркской идеологии как фактора, определявшего политические, культурные и религиозные связи между Османской империей и мусульманами Туркестана в конце XIX – начале XX вв.

**Ключевые слова:** тюркская идеология, панисламизм, пантюркизм, Османская империя, Туркестан, нация, национализм, джадидизм.

### Кіріспе

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы тарихи оқиғалар Осман империясы мен Түркістан территориялық аумағында тұратын мұсылман халықтарының саяси, әлеуметтік және мәдени өміріне бірқатар түбегейлі өзгерістер енгізді. Ресей мен Ұлыбритания сияқты империалистік отаршыл державалардың қысымының күшеюі Түркістан мұсылмандарының алдына жаңа міндеттер қойды. Ол міндеттің бастауында мемлекетті сақтап қалу жолында саяси, экономикалық және мәдени өзара әрекеттесудің жаңа жолдарын іздеу сияқты қажеттіліктер тұрды. Осыған байланысты географиялық және саяси бөлінген халықтарды біріктірудің маңызды құралына айналған түркілік идеологиясының феномені пайда болды.

Зерттеу жұмысында Осман империясы мен Түркістан байланыстарындағы түркілік идеологияның алғышарттары және оған түркі-мұсылман халықтарының реакциясы қарастырылады. Өзара іс-қимылдың саяси, мәдени және діни сипаттары, идеологияның қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан жеке тұлғалардың ролі, сонымен қатар қарастырылып отырған тарихи кезеңдегі халықаралық саясаттың мазмұны да факторлық себептердің бірі ретінде қамтылды. Бұл тақырыптың өзектілігін айқындай отырып, түркі әлеміндегі ұлттық сана, рухани-мәдени және саяси байланыстардың қалыптасуы мен дамуын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Мақаланың мақсаты – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Осман империясы мен Түркістан байланыстарындағы түркілік идеяның мазмұндық сипатын ашу, түркі халық-

тары мен мұсылман қауымына бағытталған пантүркизм идеяларының мақсаттары мен жүзеге асыру тетіктерін талдау болып табылады. Аталған мақсаттың негізінде түркі идеологиясының қалыптасуының алғышарттары мен түркілік идеяның Орта Азияда таралуы және Түркістанның реакциялық жауабын бағалау зерттеу жұмысының міндетіне қойылды.

Зерттеудің методологиялық негізін тарихи-аналитикалық, салыстырмалы тарихи және өркениеттік талдау принциптерін біріктіретін кешенді әдістер құрайды. Тарихилық принципін қолдану түркі идеологиясының қалыптасуын Осман империясындағы және XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Орта Азиядағы мұсылман қоғамдарындағы саяси, діни және мәдени процестердің эволюциясы нәтижесінде қарастыруға мүмкіндік берді. Ал салыстырмалы-тарихи әдіс әртүрлі түркі аймақтарында – Османлы мемлекетінде, Қазан және Қырым хандықтарында, сондай-ақ Бұхара мен Хиуада қалыптасқан идеологиялық тұжырымдамаларды салыстыру үшін қолданылды. Бұл түркі әлемінің жалпы ерекшеліктерін және оны түсіндірудегі айырмашылықтарды әлеуметтік-саяси контекстке байланысты анықтауға көмектеседі. Және өркениеттік әдіс түркі идеологиясын исламдық және еуразиялық өркениеттік жүйенің құрамдасы ретінде қарастырып, Осман империясын ислам әлемінің идеологиялық орталығы, Түркістанды оның идеяларын өз жағдайына бейімдеген периферия ретінде көрсетті.

Бұл түркілік идеологиясы мәселесінде Осман империясы мен Түркістан аймағы арасындағы байланыстар туралы объективті түсінік қалыптастыра отырып, тақырыпты әртүрлі қырынан қарастыруға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысының маңыздылығы отандық тарихнамада XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Осман империясы мен Түркістан арасындағы сыртқы саяси және мәдени байланыстардың факторы ретінде түркі идеологиясын жүйелі талдауға әрекет жасалды.

Зерттеу нәтижесінде Ыстамбұл мен Орта Азияның мұсылман қоғамдары арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа моделін қалыптастырудағы пантүркизм мен панисламизмнің рөлі ашылып, түркі бірлігі идеологиясы аймақтағы Осман империясының «жұмсақ күш» құралына айналғаны көрсетілді.

## Материалдар мен әдістер

Зерттеудің дерекқоры Османлы және Орта Азия құжаттары мен жарияланымдарына, сонымен қатар XIX ғасырдың соңғы және XX ғасырдың басындағы түркі идеологиясының дамуын жан-жақты талдауға мүмкіндік беретін заманауи зерттеулерге негізделген. Материалдарды келесідей жіктеуге болады: Османлы мұрағат құжаттары; Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің материалдары; қазіргі ғылыми зерттеулер.

Османлы мұрағатының құжаттары (Başbakanlık Osmanlı Arşivi, BOA), әсіресе Y. PRK. ASK қорлары (*Yıldız Perakende Askeri Maruzat*) негізгі көзі болып табылады. ЕҒА қорында (*Elçilik, Sehbenderlik ve Atasemiliterlik*) Түркістанның мұсылман қоғамдарымен дипломатиялық және барлау хаттары, соның ішінде А.МКТ (*Âliye Meclis-i Mektûbî Kalemi*) құжаттары ерекше маңызға ие. Бұл саяси және діни байланыстарды орнату мақсатында Осман империясының министрлер кеңесінің шешімін қамтитын құжаттар болып табылады. ЕҒА, 13/14 (6 наурыз 1891 ж.) құжатында Османлы эмиссарларының Бұхарадағы белсенділігі мен жергілікті улемалармен байланысы туралы мәліметтер берілген. Бұл деректер Ыстамбұлдың аймақты ислам ынтымақтастығы жүйесіндегі маңызды буын әрі Ресей ықпалына қарсы тұру құралы ретінде қарағанын дәлелдейді.

Дипломатиялық есептер Осман империясының Орта Азия мұсылмандарымен байланысын нығайтуда діни-идеологиялық риториканы пайдаланғанын көрсетеді. Осман шенеуніктері Түркістанды тек географиялық аймақ емес, халифаттың моральдық қолдауына мұқтаж «түркі және ислам бауырлас әлемі» ретінде сипаттаған.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің (ҚР ОМА) материалдары Қазақстан аумағында Осман саясаты мен түркі идеологиясын қабылдауды зерделеу үшін құнды дереккөз болып табылады. Зерттеу жұмысында қолданылған мұрағат қорлары Қазақстан мен Түркістан генерал-губернаторлығының иелігіндегі аймақтарда Османлы саясаты мен пантүрікшіл идеялардың таралуын көрсетеді. Мысалы, Ақмола облыстық басқармасының №369 қорында Ресей билігіне тиесілі

аймақтарда «түрік ықпалының» артуы мен қазақ және Орта Азия мұсылмандарының Осман империясымен діни байланыстарының күшеюіне қатысты есептер, циркулярлар және уезд бас-тықтарымен хат алмасулар сақталған. Аталған құжат ресми түрде Ақмола облысына қатысты болса да, ондағы көзқарастар жеке генерал-губернаторлыққа кіретін Түркістан өлкесінің аумағында қолданылған исламға қатысты жалпы империялық саясатты да көрсетеді. Ал Ішкі істер министрлігінің шетелдіктердің рухани істер департаментіне қатысты №90 қорда мұсылман дінбасылары мен діни оқу орындары жайындағы есептер, Осман империясында білім алған немесе байланысы бар мүфтилер мен имамдармен хат алмасулар жинақталған.

Ғылыми әдебиеттерде Осман империясы мен Түркістан байланысындағы түркілік идеология тақырыбы ғалымдардың зерттеу объектісі мен географиясы кеңістігінде жекелеген мәселелер немесе ықпал етуші жанама фактор ретінде қарастырылады.

Орыс шығыстану ойының ірі аналитикалық еңбектері XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Орта Азиядағы саяси процестерге арналды. Мысалы А.Вамбери (1865a, 1868b), М.А.Терентьев (1875), С.В.Жуковский (1915), Н.Петровский (1875), С.Духовской (1899), В.В.Бартольд (1899), А.А.Семенов (1899) және т.б. еңбектерінде Осман империясының Орта Азияға қатысты сыртқы саясаты ағылшын-орыс қатынастарының Азиядағы бәсекелестігі мен «өркеніеттік миссия» негізінде қарастырылады. Ресейдегі ғылыми шығыстанудың негізін қалаушылардың бірі В.В.Бартольд өз еңбектерінде Осман империясының Орта Азия мұсылмандары үшін тек рухани көшбасшы ретіндегі роліне сыни тұрғыдан баға берді. Оның еңбектері аймақтағы идеологиялық аспектілерді түсінудің негізі екені даусыз.

1917 жылғы революция Орта Азиядағы ұлы державалардың саясаты туралы түсініктерді өзгертті. Кеңестік тарихнамада XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Осман империясы мен Түркістан байланыстарындағы түркілік мәселесі Кеңес одағының марксистік-лениндік дүниетаным мен сыртқы саяси көзқарастардың идеологиялық шеңбері аясында қарастырды. Сонымен қатар, жекелеген саясат пен идеологияға қатысты мәселелерде аймақтар «орталық» және «перифериялық» территориялар деп бөлінді. Бұл кезеңнің зерттеушілері қатарында Н.А.Халфин (1965a, 1974b), З.Д.Кас-

тельская (1980), Ю.А.Петросян (1971), Э.Ю.Гасанова (1966) және т.б.

Тәуелсіздік алған мемлекеттердің ғалым-зерттеушілері арасында пантүркизм (түркілік идеология) тақырыбы бойынша жазылған бір-қатар диссертациялық жұмыстар бар. Олардың ішінде А.А.Мкртычян (2003), А.В.Чесноков (2005), О.Н.Сенюткина (2024), Р.Ф.Мұхамметдинов (1996), В.Надеин-Раевский (2022), Салиев А.А. (2019), Н.Г.Киреев (2007), Р.С.Тереховтың (2011), Т.В.Котюкованың (2015) және т.б. еңбектерін атауға болады.

Біздің зерттеу мәселеміздің тақырыбына қатысты О.Н.Сенюткинаның еңбектері құнды болып табылады. Автор Ресейдегі саяси түркизмнің даму көздері мен заңдылықтарын архивтік және жарияланған дереккөздерге негіздейді. Р.Ф.Мухамметдинов түркілік идеологиясының қалыптасуының бастауында Ю.Акчура мен З.Гёкалыптың қызметі мен еңбектері тұрды деп есептейді. Сонымен қатар зерттеуші: «Түркілік – бұл этникалық ортақтықты, тілдердің туыстығын және түркі халықтарының мәдениеттерінің жақындығын танудан туындайтын және осы халықтардың бірлігін, бауырластығы мен ынтымақтастығын насихаттайтын, сондай-ақ олардың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауға бағытталған және олардың ілгерілеу мен өркендеу жолында алға жылжуына ықпал ететін идеялар жүйесі» деген анықтама береді. Ал белгілі ғалым-зерттеуші Т.В.Котюкова болса ресейлік империя билігінің Түркістанда жүргізген отарлық саясаты ұлттық мәселелерді шиеленістірді және патша үкіметі жергілікті ерекшеліктің кез келген көрінісінен сепаратизм-пантүркизм-панисламизм сияқты негізгі үштік «қауіптерді» көрді деп тұжырымдайды.

Шетелдік тарихнамада XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Осман империясының Орта Азияға қатысты саясаты көбіне ағылшын-орыс қатынастары аясында қарастырылады. Ч.Хостлер (1957) түркілікті барлық түркі халықтарының бірлігіне ұмтылыс ретінде сипаттаса, Я.Ландау (1995) оны еуропалық экспансия мен Ресей отаршылдығына қарсы жауап деп түсіндіреді. Д.Кушнер (1977) пантүркизмді түрік ұлтшылдығының бір қыры ретінде бағалайды, ал А.Халид (1998) түркілік идеясын Орта Азияда жәдидтердің реформаторлық қызметімен байланыстырып және кеңестік тарихнама жәдидтерге «пантүркистер» деген кате ат таңды дейді.

Яғни авторлар түркілік идеясының нақты бағдарламасы жоқ модернистік ойлаудың дис-

курсивтік элементі ретінде қарайды және 1917 жылға дейін саяси маңыздылығы болмады деген сипаттама береді. Дискурсивтік элемент дегеніміз – адамның санасының дағдарысы кезінде пайда болатын модернистік идеяларды, көзқарастарды және құндылықтарды білдіретін сөздер, мәтіндер және пікірлер арқылы көрінуі. Бұл процесс осы тарихи кезеңдегі түркі және ислам әлемінің дағдарысын және батыстық өркениет пен сын-қатерлерге қарсы жана мазмұндағы идеологияның қажеттілігін білдірді.

XIX–XX ғасырларда Осман империясы мен Орта Азияда пантүркизмнің пайда болуы мен таралуы тақырыбын түрік тарихшылары, саясаттанушылар мен түркологтар белсенді зерттеді. Осы құбылыс туралы жазған негізгі түрік зерттеушілері Ziya Gökalp (1923), Ahmet Bican Ercilasun (1992), İlber Ortaylı (2005), Mehmet Saray (1988; 2003), Kemal H. Karpat (2001), A.A. Andican (2003), M.A. Kaşa (2016), Alaeddin Yalçınkaya (1997) және т.б. Мәселен, A.B. Ercilasun түркілік идеясының мәдени қозғалыстан саяси жобаға қарай дамуындағы зиялы қауым мен баспасөздің роліне баса назар аударса, İlber Ortaylı мәдени түркілік пен саяси түркілік (пантүркизм) арасындағы айырмашылықты атап көрсетеді. M.A. Kaşa пантүркизмді тікелей атамай, «İttihat ve Terakki» комитетінің саяси, идеялық және құрылымдық дамуын кеңінен талдайды. Және автор еңбекте пантүркизм терминін тікелей қолданбаса да, қозғалыстың ішкі құрылымында және идеологиялық бағдарында пантүркистік сипаттағы ұстанымдар байқалды дейді.

Ал отандық тарих ғылымында Осман империясының Орта Азияға қатысты саясаты туралы Н.М. Абдукадыров (2022; 2024), Жолсейітова (2020), Қ. Базарбаев (2011), С.А. Мажинбеков (2007), Л.С. Динашеваның (2023) және т.б. еңбектері де зерттеу жұмысымыздың мазмұнын ашу үшін маңызды болып табылады.

### Нәтижелер мен талқылау

Тарих сахнасындағы күрделі процестермен қоса империядағы ислам құндылықтары, жергілікті теократиялық дәстүр және Танзимат реформалары енгізген батыстық институттардың күрделі тоғысуы Осман империясындағы саяси доктриналардың жан-жақтылығын көрсетті. Сондықтан да түркі идеологиясының мазмұнын түсіну үшін, ең алдымен бір-біріне жақын тұрған және ғылыми әдебиеттердегі идеялық-саяси ағымдарды білу маңызды. Себебі, бұл түркілік

идеясының қалыптасуының алғышарттарын құрайды.

XIX ғасырдың соңғы ширегіне қарай халифат идеясының ерекше мәні – ислам бірлігі пайда бола бастады. Қырым соғысы кезінде (1854–1856 жж.) Ұлыбритания мен Францияның белсенді көмегінің арқасында күшейген Осман империясы ең үлкен ислам мемлекетіне айналған еді. Сондықтан да бүкіл әлемдегі мұсылмандар үшін османлы сұлтаны – ислам әлемінің рухани көшбасшысы ретінде көрінді. Дәл осы кезеңде еуропалық державалар ислам әлемін белсенді бөлісуге кірісті. 1876 жылға қарай Ресей билігінің Кавказда нығаюы оның Орта Азиядағы отарлық саясатын күшейтті, Голландия Азиядағы иеліктерін ұлғайтты, ал Үндістанда Ұлыбританияның билігі артты. Бұл «ислам бірлігі» идеясының маңызын арттыра түсті.

Аталған идея Османлы Конституцияның 3 бабында «Ab antiquo (ежелгі заманнан бері) белгіленген ережелерге сәйкес Османлы егемендігі исламның жоғарғы халифінің билеушісіне тиесілі» және 4 бапта «Ұлы мәртебелі сұлтан жоғары халиф ретінде мұсылман дінінің қорғаушысы. Ол барлық Османлылардың билеушісі және падишаһы» – деп бекітілген. (Constitution Ottomane, 1876)

Берлин конгресінен кейін (1878 ж.) Осман империясы Балқандағы ықпалынан айрылып, Египет Ұлыбританияның оккупациясында қалды. Алайда, саяси географиядағы бұл өзгерістер еуропалық империялардың отарындағы сол кезеңнің өзінде шамамен үш жүз миллиондай мұсылманның алдындағы Османлы халифы-сұлтанның рухани үстемдігін жоя алмады. Османлы сұлтаны өз шекарасындағы түрік емес мұсылман тұрғындарына қарағанда Ресей, Ұлыбритания, Франция және Нидерланды колонияларындағы мұсылмандарға көбірек әсер етті және олардың көз алдында жағымды «имиджге» ие болды. Түркі-мұсылмандары арасында халиф пен Осман империясының саяси ықпалы мен рухани күшін жергілікті тұрғындар мен еуропалық дипломатияның асыра бағалауы мұсылмандар әлемінде османлы «иллюзиясын» тудырды. Әсіресе II Абдулхамид мұны сәтті қолданды. Ұлыбританияның ислам әлемін білуі және оның Османлы арабтарын түрік халифатына қарсы арандатуы, сондай-ақ патшалық Ресейдің Осман империясына қарсы панславистік қарсы шабуылы да бұл иллюзияны бұза алмады. Әлем мұсылмандары халифатты әмбебап рухани институт деп санады. Еуропа да халифатты қабылдады, тіпті

Түркияны жақсы білетін Ресей де панисламистік саясаттан қорықты. (Ortaylı, 2000)

Алайда Османлы билігі түркі-мұсылмандарға қатысты әкімшілік, саяси және рухани (мәдени) идеологияның тұтастықта шиеленесу процесі жүріп жатқан әлемдік кеңістікте және батыс әлеміндегі модернизация (ғылымның дамуы) мен секуляризация (саясаттың діннен ажыратылуы) жағдайында исламды әмбебап саяси идеология ретінде мәртебесін негіздеуге болмайтынын ескермеді.

Себебі Ресей империясының мұсылман аймақтарындағы отаршылдық басқарудың бүкіл жүйесінде исламның мәртебесі және оның әкімшілік-құқықтық жүйеде институционалды өмір сүру мүмкіндігі туралы мәселенің маңыздылығы артқан еді. 1903 жылғы манифест жариялаған діни төзімділікке қарамастан, іс жүзінде билік өкілдері православиенің айрықша ұстанымын баса көрсете отырып, мұсылман дінбасылары мен салт-дәстүрлердің ықпалын шектеуге тырысты. Бұл 1903 жылғы 3 сәуірдегі Көкшетау уезінің 1-ші учаске шаруа бастығының «Қырғыздардың рухани қажеттіліктерін» ескеру әрекеттерін тікелей сынай келе, төмендегідей мәлімдейді: «...мұсылмандық басқа сенімсіз конфессиялармен бірге заңда рұқсат етілген шектеулермен ғана және тек Ресей империясында үстемдік ететін православие шіркеуінің құқығының шеңберінде ғана төзімді болуы мүмкін». (ҚР ОМА. 369қ. 1т. 871 іс. п.361) Іс жүзінде мұндай көзқарастар Ташкент, Перовск, Самарқанд және ислам институттарына (медреселер, вакуфтар, шарифат соттары) жүйелі бақылау, реттеу және шектеуге ұшыраған аймақтың басқа орталықтарына да таратылды. Бұл құжатта баяндалған әкімшілік идеология солтүстік дала уездерінде де, халық тығыз қоныстанған Түркістан аймағында да исламмен қарым-қатынастың жалпы отаршылдық логикасын түсінудің маңызды көзі болып табылады.

Сондай-ақ түркітану ғылымының классикалық кезеңі деп саналатын XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында түркі халықтарының әдебиетін, тарихы мен мәдениетін белсенді зерттеу, іргелі ғылыми еңбектер мен академиялық мектептердің құрылуы тарихи және мәдени туыстас түркітілдес халықтардың дамуын қайта біріктіріп, олардың тарихи жадын оятуға түрткі болды. «Тұран» және «пантүркизм» ұғымдарының танымалдығына себепкер болған венгр саяхатшысы әрі шығыстанушы Арминус (Герман) Вамбери деуге болады. А.Вамбери өзі-

нің оқырмандарына Орта Азияның тілдері мен фольклорын таныстырумен қатар, алғаш рет жарияланған «Орта Азия очерктері» кітабында «Бұл деректер бізге сол кездегі Татар ордасы мен Орта Азияның нағыз тұрғындары арасында туыстығын дәлелдейді, сонымен қатар олардың өмір салтын сипаттауда біз нағыз түркістандықтардың әдет-ғұрыптары мен физикалық қасиеттерінен көптеген ұқсастықтарды табамыз» – деп жазады. (Вамбери, 1868) Ал «Орта Азияға саяхат» (1865ж.) атты еңбегінде ықтималды пантүрік империясының үлкен жобасын: «Осман империясы шығыс өмірінің үйқысынан Ұлы Петрге дейін ертерек оянса, шығыстың шалғай аймақтарына зайырлы ықпалын жүргізер еді. Себебі, түркі әулетінің өкілі ретінде Османлыларда Адриатикадан Қытайға дейін тілі, діні және тарихи тамыры бір түркі халықтарын шоғырландырып, Романовтар құрған мемлекеттен асып түсетін қуатты империя құру мүмкіндігі болды» – деп тұжырымдайды. (Вамбери, 2003)

1904 ж. Каирде *Türk* журналында жарияланған Юсуф Акчураның «*Üç Tarz-ı Siyaset*» мақаласында Осман империясы өзінің болашағын қамтамасыз ету үшін саяси бағыттың (османизм, панисламизм, пантүркизм) біріне таңдау жасауды ұсынып, османлы қоғамының дамуына қатысты өзінің көзқарасын білдірді. Жоғарыда аталған мақалада автор: «Осман империясы Батысты өз мүддесіне пайдалану үшін күш пен прогреске қол жеткізуге деген ұмтылысында үш негізгі саяси жоспары болды. Олар: «османлы ұлтын» құру (османизм), халифат билігін құру (панисламизм) және «түрік ұлттық саяси жүйесін» құру (пантүркизм). Алайда бұл ұсынылған саяси жолдар тек аймақтық сипатта орын алды дейді. (Ақсұра, 2020)

Империяның «османлы ұлтын» құру саясаты сәтсіздікке ұшырағаннан кейін келген және еуропалықтар панисламизм деп атаған идеяға сипаттама бере келе, Ю.Акчура түркілік бірлік идеясын түркі әлемінің болашағы ретінде көреді. Себебі ислам дінінің мемлекеттік биліктің негізіне айналуы османлы қоғамын екі діни қауымдастыққа бөлді. Ол панисламизм идеясын әлемдік державалар алдында Осман империясының қоғамын біріктіру мен саяси күшін арттыру үшін қолайсыз саяси бағыт деп тұжырымдайды. Сондықтан да тіл мен шығу тегі жағынан жақын түріктерді біріктіру үшін түркілік идеясын ұстану дұрыс саяси бағыт дей келе, бұл саясат болашақта ең күшті ұлттық байланыс бола отырғандығын атап көрсетеді.

Яғни түркі идеологиясының пайда болуының алғышарттарында тарихи, саяси, әлеуметтік және идеологиялық факторлардың тоғысуы және ол XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басынан бастап ұлттық мәселе күшіне ене бастады.

Жаңадан қосылған аумақтарды тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында, Ресей үкіметі 1867 жылдың 11 шілдесіндегі Жарлығымен Ташкент қаласында орналасқан Түркістан генерал-губернаторлығын құрды. Түркістан әскери округінің бірінші генерал-губернаторы және бас қолбасшысы болып тағайындалған Константин Петрович фон Кауфманға әкімшілік, әскери және сот биліктерін біріктіретін ерекше өкілеттіктер берілді.

Ресей империясының Орта Азиядағы отарлық саясатының күшеюімен Қоқан хандығы, Бұхара әмірлігі және Хиуа хандығына бағытталған әскери науқандар нәтижесінде мұсылман аймақтарының ауқымды бөлігі империяның бақылауына өтті. Түркістан генерал-губернаторлығының әкімшілік юрисдикциясынан тыс Бұхара әмірлігі мен Хиуа хандығы ресми түрде номиналды автономиясын сақтағанымен, іс жүзінде Ресейдің бақылауындағы вассалдық құрылымдарға айналды. Түркістанның геосаяси маңызы Ресей мен Британ империясы арасындағы «үлкен ойын» аясында артуы патшалық Ресейдің аталған аймаққа стратегиялық бақылауды орнықтыруға деген ұмтылысын күшейтті.

Сол себепті де түркілік идеяның Орта Азияда таралуы және Түркістанның реакциялық жауабы әртүрлі сипатта көрініс тапты.

Ең алдымен түркілік идеяның Орта Азияда таралуын негізгі екі фактормен байланыстыруға болады. Рухани біріктіруші күш ретінде – діни фактор; ал мәдени-ағартушылық фактор ретінде – білім беру жүйесіндегі реформалар. Аталған екі фактор да түркілік идеяның саясиландырылуына әкелді. Сондай-ақ Ресей билігі түркі-мұсылмандарына қатысты мәселелердегі «дін» мен «ұлттық» ұғымдарды саяси мәселенің тұтастығында қарастырғандығы мәлім.

Түркілік идеяның Осман империясынан тыс жерде пайда болуы және Түркияның «ұлт құру» жобасында аймақтан тыс түркі зиялыларының авангардтық роль атқаруы таңқаларлық емес. Ресей империясының әкімшілік территориясында империялық билік түркілік бірліктің қалыптасуына бастапқы алғышарттардың құрылуына жағдай туғызды. Географиялық тұрғыдан кең таралған эмпирикалық жаңалықтар және ең бас-

тысы, еуропалық әлеуметтанудың арсеналынан алынған ұлтшылдықты құру әдісін игеру Ресейде пантүрік теориясының қалыптасуына негіз болды. (Тао Цзинхун, 2022) Бір қызығы, Ресей билігі Осман империясының құрамындағы сербтер, болгарлар және т.б. Балқанның православиелік славяндары арасында ұлтшылдық идеяларының таралуына елеулі роль атқарғанымен, өз мұсылмандары арасындағы ұлтшылдықтың өсуін жеткілікті бағаламады. Патшалық билік мұсылмандардың ұлтшылдығын Стамбулдағы сұлтан-халифтің ықпалымен туындаған кертартпа діни қараңғылықтың көрінісі деп есептеді, ал православиелік христиан ұлтшылдығы мен панславизмді керісінше прогрессивті және өркениетті идеология ретінде қабылдады. Ал әлемдік модернизация Османлы және орыс мұсылмандарының мәдени, саяси және діни ерекшеліктеріне мән берді. Ресейдегі панисламизм-пантүркизм Османлысыз дамыды және II Абдулхамид исламизмінен өзгеше болды. Іс жүзінде екеуі де тарихи себептерге байланысты өзін-өзі қорғау қозғалыстары болғанымен, әртүрлі мақсаттарды көздеді. (Karpat, 2001)

Ресей империясы ортаазиялық мемлекеттердің ішкі саясатына белсенді араласуы, әмірлерді тағайындау, протектораттық келісімдерді жүзеге асыру және метрополия үшін қолайлы сауда-салық режимдерін орнату арқылы ықпалын жүргізу саясатын күшейтті. Ресей үкіметі Орта Азия аумағын қамтыған тұтас әкімшілік-саяси құрылымға айналдыру және мұсылман аймақтарын империялық жүйеге интеграциялау мақсатында әскери күшті, бюрократиялық басқаруды және мәдени-діни саясатты үйлестіре отырып жүргізді. Бұхарадағы орыс әскерлерінің әскери жетістіктері Қоқанда хан билігінің тұрақтылығына елеулі қауіп төндірді. Осыған байланысты Қоқан билігі ислам әлемімен, атап айтқанда, рухани қамқоршы және әскери қолдаушы ретінде қарастырылған Осман империясымен сыртқы саяси байланыстар орнатуға ұмтылды.

Бұны Османлы Қаржы министрлігіне Қоқан үкіметінің қару-жарақ пен әскери форманы жеткізу туралы өтінішіне байланысты келіп түскен, 1869 жылғы 13 қаңтарға (Хижра бойынша 1285ж. 29 Рамазан) тиесілі мұрағаттық құжат растайды. Құжатта дайындалған және жөнелтілген мүліктің құны 10964,5 курушты құрайтыны және бұл соманың мемлекеттік қазынадан төленуі тиіс екендігі көрсетілген. Сонымен қатар, бұл шараның Жоғары әскери кеңестің шешімі негізінде қабылданғаны және Османлы қолбас-

шылығы тарапынан «достық көмек» ретінде бекітілгені атап өтілген. (ВОА, А.МКТ. МНМ, 431/82)

Демек, аталған дереккөз Қоқанның ресми түрде Османлы мемлекетімен өзара іс-қимылды бастағанын, оның әскери қолдауына жүгінгенін дәлелдейді. Бұл жағдай хандықтың сыртқы оқшаулануына қарамастан, Османлы халифатын тек діни көшбасшы ғана емес, сонымен қатар Ресей отаршылдығына қарсы күрестегі ықтимал одақтас ретінде қарастырып, панисламдық байланыстар желісіне қосылуға үмтылысын айқын көрсетеді.

Кейінгі орыс-түрік соғысындағы жеңіліс (1877-1878 жж.), сондай-ақ қаржылық дағдарыс жағдайындағы Осман империясының Орта Азия мемлекеттерінің ішкі істеріне белсенді араласу үшін мемлекеттік ресурстары әлсіздігін көрсетті. Османлы билігі Бұхара немесе Қоқан хандықтарына тікелей әскери немесе саяси қолдауын білдірсе Ресей тарапы оны дұшпандық әрекет ретінде қабылдауы ықтимал екенін білді. Бұл дипломатиялық дағдарысқа немесе тіпті әскери қақтығысқа ұласуы мүмкін еді, ал Осман империясы оған дайын емес болатын. Сол себепті сұлтан II Абдулхамид Түркістандағы өзгерістерге саяси немесе әскери араласудан гөрі діни үгіт-насихат, эмиссарлар және баспа әдебиеттерін тарату арқылы жүзеге асырылатын «жұмсақ күш» саясатын жалғастыруды жөн көрді.

Бұл мақсатқа жету үшін бірнеше тактика қолданылды. Біріншіден, Түркістаннан шыққан билеушілер мен ықпалды әулет мүшелеріне қамқорлық жасау арқылы қолдау, екіншіден, Орта Азиядан Түркияға келген қажылар мен шейхтардың беделін арттыруға жағдай жасау. Бұл шарада ең танымал дін қайраткерлері халифтің назарына ұсынылып, құрметті атақтарға, қаржылай сыйақылармен, сондай-ақ Осман ордендерімен марапатталды. (Васильев, 2014)

Бұған мысал ретінде Хиуа ханының ағасы Иса Тұраханнның 1887 жылдың жазында Ыстамбұлға сапарына қатысты Османлы мұрағаттарында тіркелген деректер қызығушылық тудырады. Әскери-теңіз күштері хатшысы Хасан бейдің 1887 жылдың 26 маусымдағы (Хижра күнтізбесі бойынша 1304 жыл шәууәл айының 4 жұлдызы) баяндамасында Иса Тұраханнның Ыстамбұлға келіп, Осман империясының кеме жасау зауыты, сарайлары, маңызды әскери және өндірістік нысандарымен танысқандығы туралы баяндалады. Құжатта бұл сапардың дипломатиялық және символдық мәнін айқындайтын, оның

құрметіне ұйымдастырылған арнайы рәсімдермен бірге жүргізілгені атап көрсетілген. Сонымен қатар, есепте Иса Тұраханнның «Османлы әскери іссапарынан құрметпен оралғаны» және оның «мәртебелі халифтің қабылдауында болғандығы» туралы маңызды мәліметтер бар. Бұл сұлтан-халиф II Абдулхамидке Хиуа хандығы өкілдері тарапынан білдірілген саяси акт немесе адалдықтың символдық көрінісі ретінде болды. (ВОА, Ү. PRK. ASK, 40/41)

Яғни аталған құжат Османлы халифінің діни легитимділігіне негізделген марапаттау рәсімдерін қолдану арқылы Орта Азия мұсылмандары арасындағы өз позициясын қалай нығайтуға үмтылғанын, сондай-ақ, Ресей империясының қысымы жағдайында Хиуа билеушілерінің Осман империясымен байланыс арналарын сақтап қалуға деген мүдделігін көрсетеді. Ал Ресей-Бұхара (1868ж.) және Ресей-Хиуа (1873ж.) келісімдерінің шарттарынан кейін Бұхара Әмірлігі мен Хиуа хандығы ресейлік протектораттарға айналып, тәуелсіз сыртқы саясат жүргізу мүмкіндігінен айырылды. Алайда Түркия Орта Азиядағы рухани және саяси ықпалы үшін Ресеймен бәсекелестігінде XIX ғасырдың 70-90 жылдарында Бұхара әмірлері мен Османлы сұлтандарының өзара байланыстарын күшейту үшін іс-шараларды жалғастыруды үзбеді.

Ресейдегі Конституциялық революцияның (1905 ж.) белгілі бір деңгейдегі бостандықтарды қамтамасыз етуі И.Гаспринский мен Қырым түріктерін осы жағдайды саяси мақсатта пайдалануға үмтылдырды. И.Гаспринский білім беру мәселелерін саяси қажеттілік деңгейіне көтерді. 1905 жылы Қырым мұсылмандарының мүддесін білдіру үшін Санкт-Петербургке жіберілген делегация «Ислам дінін ұстанатын халықтарға барлық Ресей мемлекетіндегі басқа халықтармен тең құқықтар берілуін және шектеулерге жол берілмеуін» талап етті. Сонымен қатар олар қасиетті Құран мен діни әдебиеттердің жаңа басылымдарын басып шығаруға және оларды оқулық ретінде пайдалануға цензураның алынып тасталуын сұрады. Айта кету керек, бұл Қырым өкілдерінің қызметі Ресейдегі барлық түркі халықтарының мүдделерін қамтыды. «Тегсüтан» газетінде жарық көрген мақаламен бірге Халық ағарту министріне жіберілген «ұсыныста» қойылған талаптардың ішінде – Түркістандық мектеп оқушыларына ана тілінде білім алу құқығын қамтамасыз ету мәселесі де айтылды. Мектептердің қызметі тек қана балаларға пайдалы ақпарат берумен шектелуі тиіс екендігі, яғни орыс

тілінде оқыту арқылы ассимиляцияға (орыстандыруға) жол бермеу жолданды. Сонымен қатар Түркістанда аталған мектептерді басқару процесіне қатысу құқығы және ислам діні негіздерінің пән ретінде оқытылуы қажеттілігі қойылды. (Türkyılmaz, 2018)

Себебі XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Түркістан өлкесінде Ресей империясының әкімшілігі жергілікті мұсылмандық білім беру мекемелерін мемлекеттік бақылау жүйесіне біріктіру саясатын жүргізуді қолға алған еді. Бұл саясат Түркістан генерал-губернаторлығының 1903 жылғы 2/15 қарашадағы №220 іс-қағазында облыс мектептерінің бас инспекторына жолданған құжатта айқын көрініс тапты. Аталған құжатта генерал-губернатордың медреселерді басқару тәртібіне қатысты ұстанымы, сондай-ақ мұғалімдер (мударрис) мен вакуфты басқарушыларды (мутавалли) тағайындау мен ауыстыруға байланысты келіспеушіліктердің өршуі тіркелген. Генерал-губернатордың түсіндірмесіне сәйкес, конфессияға және курстардың мазмұнына қарамастан барлық мұсылмандық оқу орындары 1879 жылғы 13 қаңтарда Халық ағарту министрлігі бекіткен нұсқаулыққа сәйкес жұмыс істейтін халық училищелері инспекторларының қарамағына берілді. Мұғалімдерді тағайындау инспектордың ұсынысы негізінде және генерал-губернатордың келісімімен, моральдық-этикалық және саяси тұрғыда жағымды мінездемелер болған жағдайда жүзеге асырылды. Ал вакуфты басқарушыларды оқу ведомствосы емес, облыстық басқармалар тағайындап, қызметінен босатты. Медреселерді ұстауға бөлінген вакуфтық кірістерді бақылауға ерекше көңіл бөлінді. Бұл процесс «Түркістан өлкесін басқару туралы Ереженің» 267-бабына сәйкес облыстық басқармаларға жүктелді. Аға мұғалімдерге өз кезегінде вакуфты басқарушылардың қызметін оқу мүдделері тұрғысынан бақылау міндеті жүктелді. Құжатта сондай-ақ инспектордың тағайындалуы жалпы әкімшілікті медреседегі жағдайды тұрақты бақылау және тәртіпсіздіктер орын алған жағдайда шаралар қабылдау жауапкершілігінен босатпайтыны көрсетілген. Мұғалімдер немесе білім алушылар құрамын өзгерту қажет болған жағдайда, әкімшілік өз қалауы бойынша немесе инспектормен келісе отырып әрекет етуге құқылы болды. (ҚР ОМА 90 қ. 1 т. 220 іс)

Мұсылман мектептеріне қатаң бақылау енгізу қажеттілігі Түркістанның жергілікті халқы арасында пантүркізм мен панисламизм идеяла-

рының таралуымен, сондай-ақ «үкімет саясатына қатер төндіреді» деп саналған діни топтардың қалыптасуымен байланысты болды. Осыған байланысты, орыс патшалығы үшін мұсылман білім беру жүйесін бақылауда ұстау, оның мемлекетке және жоғарғы билікке деген адалдығы мен сеніміне көз жеткізу аса маңызды міндет болды. (Лысенко, 2019)

Бұл Түркістандағы мұсылмандық оқу орындарының бір жағынан оқу ведомствосына, екінші жағынан әкімшілік және полиция құрылымдарына тәуелділігінің қос сипатын айқын көрсетеді. Бұл жағдай ислам институттарының дербестігін шектеуге және оларды империялық басқару жүйесіне интеграциялауға бағытталған өңірдегі діни білім беруді бюрократияландыру және секуляризациялау саясатын көрсетеді.

XIX ғасырдың соңғы онжылдығында Түркістан әкімшілігі мұсылман фанатизмімен күресу үшін екі негізгі құралды қолданды: жасырын агенттік желісін қолдау және орыс-жергілікті мектептердің санын көбейту. Түркістанда халықтық білім берудің бір-біріне сәйкес келмейтін екі жүйесі қатар өмір сүрді: орыс оқу орындары (гимназиялар, мұғалімдер семинариялары және т.б.) және мұсылмандарға арналған дәстүрлі мектептер мен медреселер. (Котюкова, 2015)

XIX ғасырдың аяғына қарай Ресейдің отарлау науқаны Түркістанда жаңаша сипатқа көшті. Бұл кезеңде христиан дініне барынша қолдау көрсетіліп, Алматы мен Ташкентте православиелік епископтар тағайындалды. Аймақтардағы кейбір мұсылмандар діни сенімдерінен бас тартып, православие дінін қабылдауы байқалды. Православие дінін қабылдағандарға экономикалық қиындықтардан шығу үшін «жеңілдіктер» беріп, оны ынталандыру шарасы ретінде халыққа кеңінен таратылды. Миссионерлік қызметтің негізгі мақсаты – мұсылмандардың исламдық діни сенімдеріне күмән енгізу болды. Сондай-ақ, Сұлтан II Абдулхамид тарапынан Түркістанға мерзімді түрде жіберіліп отырған бейресми делегациялар да болды. Олардың мақсаты – Түркістан халқын біріктіруге ықпал ету болатын, осыған орай олар кем дегенде бес жыл бойы аймақтарды аралап, халыққа діни мәселелер бойынша кеңестер мен нұсқаулар берді. 1908 немесе 1909 жылдары Осман империясынан жіберілген осындай делегациялардың бірі Еділ-Орал аймағында және Түркістанның өзге де бөліктерінде ұзақ сапар шегіп, қызмет еткеннен кейін, шамамен 1915 жылы Бұхараға келді. Бұл уақытта Бұхара әмірлігінің тағында 1910 жылдан

бастап 1920 жылы большевиктер басып алғанға дейін билік құрған Әмір Мир Әли отырды. 1910 жылдан бастап Ресей империясы Бұхарада сунниттер мен шииттер арасында алауыздық тудыру әрекеттерін жасады. (Yalçınkaya, 1997)

Түркістан аймағында дін мәселесіне қатысты проблемаларды Осман империясының Ресейдегі елшісі Али Ихсан бин Мехмедтің жолдаған есебінен де көруге болады. Ол құжатта түркі-мұсылмандардың жай-күйі мен ислам дініне қатысты алаңдаушылығын білдіріп: «1891 жылғы империялық Жарлық орыс тілін білуді және мұсылман имамдарынан зайырлы білім алуды талап етіп отырғандықтан, Ресей мұсылмандары арасында наразылық тууда. Олар мұны ислам дінбасыларының құқықтарын шектеу әрекеті деп қабылдады. Бұған жауап ретінде Нижний Новгород жәрмеңкесінде Ахмед Хусейн ақаның жетекшілігімен И.Гаспринский және ислам академиясын құруды жақтаушы басқа да қайраткерлердің қатысуымен мұсылмандық қоғам құрылды. Алайда 1891 жылға жоспарланған бұл жарлықтың тағдыры әлі анықталмағандықтан, қоғам нақты шешім қабылдай алмады. Бұқара мен Самарқанд медреселерінде діни білім алған, аса құрметке лайықты адамдардың орысша сауаты болмағандықтан, жаңа талаптарға сай келмей қалады. Бұл болашақта шарифатты жетік білетін қазылардың болмауына әкеледі. Сөйтіп, надандық пен қараңғылық жайлап, оның салдары ауыр болмақ. Сонымен қатар ислам діні таралған Қазан қаласында «Сен-Гори» атты миссионерлік қоғам құрылып, мұсылмандарды христиан дініне өткізу жолдары зерттелуде. Миссионерлер дайындайтын арнайы мектептер де ашылды. Ресейде мешіт салу да түрлі шектеулерге ұшырады. Мысалы, 200 үйге бір мешіттен артық салуға болмайды, әрі христиан халқы мешіт құрылысына қарсы болса, рұқсат берілмейді» – деп, халифтен мұсылмандарды орыстандыру және діни қысымның күшеюінен қорғау үшін араласуға шақырады. (BOA, Y.PRK.EŞA, 13/14)

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының мұсылман аймақтарындағы отарлық саясаты күшейіп, дәстүрлі діни элитаның беделі әлсірей бастаған жағдайда, түркітілдес мұсылмандар арасында жәдидизм қозғалысы қалыптасты. Жәдидшілер мұсылман қоғамын ағартушылық, білім беру жүйесін жанарту және мұсылмандық бірегейлікті нығайту арқылы реформалауға ұмтылды. Бұл мақсатта олар Осман империясында жүріп

жатқан идеологиялық және саяси үдерістерге айрықша мән берді. Осман мемлекеті олардың көзқарасында ислам әлемінің рухани, саяси және мәдени орталығы ретінде қарастырылды, ал Стамбұл қаласы бүкілмұсылмандық бірліктің символына айналды. Жәдидшіл ойшылдар үшін осман сұлтаны-халифінің бейнесі ерекше маңызға ие болды. Олар оны ислам дінінің жоғары қамқоршысы ретінде ғылыми, мәдени прогрестің де қорғаушысы деп қабылдады.

Идеологиялық байланыс жеке хат алмасулар мен дипломатиялық қатынастар арқылы да жүзеге асты. Осман мұрағаттарының (BOA) материалдарында Самарқан, Бұхара және Ташкенттегі мұсылман қайраткерлерінің II Абдулхамид сұлтанға мектептер салу, әдебиет шығару және ұстаздар жіберу жөніндегі өтініштері тіркелген. (BOA, Y.PRK.EŞA, 13/14, 6 Mart 1891.) Бұл хаттарда халифтің діни беделін мойындау және жергілікті қауымдардың «османдық жаңғыру жолын» ұстануға дайын екендігі көрсетілген. Бұл аймақтағы өзгерістерді бақылауда ұстап отырған Осман империясы Түркістанмен саяси байланыстарды реттеуде Ислам бірлігі мен оған негізделген әрекеттерді ұдайы басшылыққа алуға ынталандырды.

Түркі-мұсылман халықтарының алғаш рет Түркістан, Еділ, Қырым, Кавказ және империяның басқа аймақтарындағы мұсылмандарды біріктіретін Бүкілресейлік мұсылмандардың саяси партиясы «Иттифакуль-Муслимин» атты қоғамдық-саяси партиясы (1904-1905жж.) құрылды. Бұл саяси бірліктің басында тұрған И. Гаспринский, Мердан Бей Топчубашы, Абдуррешит Ибрахимов және Ю. Акчура және т.б. Ресейде кең таралған түркі-мұсылман халықтарының жәдидизм реформаларын жүзеге асыруда олардың қызметі жоғары болды.

Жәдидизм Орта Азияда 1905-1907 жылдардағы революция кезінде және одан кейінгі жылдары бастапқы мәдени аясынан шығып, айқын буржуазиялық-либералды, кей жағдайда контрреволюциялық сипаттағы саяси қозғалыс пен идеологиялық ағымға айналды. Оның әлеуметтік негізін Орта Азия халқының буржуазиялық топтары және ұлттық зиялы қауымның бір бөлігі құрады. Жәдидшілер пантүркізм идеяларын қолдады, татар және әзірбайжандық пантүркістермен тығыз байланыста болды. Сонымен қатар, олар іс жүзінде патша үкіметін жақтаушылар ретінде де көрінді және халықты революциялық толқулардан аулақ ұстауға тырысты.

Ортаазиялық жәдидизм 1917 жылға дейін нақты ұйымдық құрылымға ие бола алмады. Олар ислам діні мен діни мектептерді шектеулі түрде реформалауды жақтады, исламды Ресей империясының ұлттық аймақтарындағы буржуазиялық дамуға бейімдеді және жанадан қалыптасып келе жатқан ұлттық буржуазияның мүдделері үшін кейбір феодалдық қалдықтарды жоюға ұмтылды. Алайда, жәдидшілердің нақты бағдарламасы, орталық басшылық органы және жарғысы болған жоқ. Олар Түркістан мен Бұхарада заңды түрде жарияланған баспалар, газет-журналдар, жаңа мектептер мен қайырымдылық қоғамдары төңірегіндегі жекелеген жәдидизм қайраткерлерінің айналасына топтасты. Орта Азия жәдидизмінің көрнекті өкілдері Махмуд-Қожа Бек Буди, Мунаввар-кара Абдурашидұлы, Абдурауф Фитрат, Убайдулла Ходжаев (Түркістан), Файзулла Ходжаев (Бұхара), Палван-Нияз жожа Юсупов (Хиуа) және т.б. (Исмаилов & Базарбаев, 2013)

Осылайша, жәдидшілер мен Осман империясы арасындағы идеологиялық диалог рухани бірлік, саяси стратегия және мәдени бағдар элементтерін біріктірген өзара ықпалдың күрделі жүйесін құрады.

Сондықтан да Түркілік идеяның Орта Азияда таралуы мен Түркістанның реакциясын біржақты бағалау мүмкін емес. Біріншіден, бұл идеялар зиялы мұсылман қауымының арасында қолдау тапса, екіншіден, Осман империясының ықпалының артуынан қауіптенген Ресей билігінің отаршылдық саясатын күшейтуі, үшіншіден, идеологиялық жаңалықтарға күмәнмен қараған консервативті діни қызметкерлердің күдігі түрды.

Сонымен қатар түркілік идеология Түркістан аймағындағы мұсылмандардың ұлттық санасын оятып, Түркия мен Осман империясының ықпалы арқылы Орта Азия халықтарының саяси санасында тұтастық идеясын қалыптастыруға

ықпал етті. Ең бастысы ұлттық бірлікке деген ұмтылысты арттырды.

### Қорытынды

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Осман империясы мен Түркістан түркі-мұсылмандары арасындағы өзара қарым-қатынастардың сипатын айқындайтын идеологиялық координаттар, яғни ұлттардың, қоғамның, саяси партиялардың, қоғамдық қозғалыстардың мүдделерін, дүниетанымы мен идеалдарын білдіретін тұжырымдамалық тұрғыдан құрылған идеялар жүйесінде маңызды орынға ие болды. Ресей империясының отаршылдық саясатының күшеюі жағдайында түркілік идеясы түркітілдес халықтардың өзіндік санасын, тілін және діни институттарын сақтауға бағытталған мәдени-саяси жұмылдырудың нысаны ретінде қалыптасты.

Саяси және экономикалық қиындықтарға қарамастан, Осман империясы шығыс мұсылмандарына, соның ішінде Орта Азияға рухани және мәдени ықпалын жүргізуге талпынды. Бұл жағдай жәдидизммен байланысты реформаторлық және ағартушылық топтарды қолдау, сондай-ақ институционалдық және бейресми арналар арқылы пантүркістік әдебиет пен діни насихатты тарату арқылы көрініс тапты.

Қорытындылай келе, Осман империясы мен Түркістан байланысындағы түркілік идеология мәдени ынтымақтастықтың көрінісі ғана емес, сонымен қатар түркі халықтарының ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына әсер еткен саяси құрал болды. Бұл ықпал, өз кезегінде, отаршылдыққа қарсы дискурстың дамуына әсер етті және XX ғасырда бұрынғы Ресей империясының мұсылман аймақтарындағы ұлт-азаттық қозғалыстарының идеологиялық негіздерінің біріне айналды.

### Әдебиеттер

- Constitution Ottomane (1876). Le 7 Zilhidjé 1293 (11/23 Décembre 1876). Constantinople Typographie Et Lithographie Centrales. – 34 p.
- İlber Ortaylı (2000). Osmanlı – İmparatorluğu'nda İktisadi Ve Sosyal Değişim. Makaleler I. Turhan Kitab Evi Yayinlari. Birinci Bası, Kasım. – 309 s.
- Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві, 369 қор, 1 том, 871 іс.
- Арминий Вамбери (1868). Очерки по истории Средней Азии. Типография А.И.Мамонтова и К°, Большая Дмитровка, д. №7, 1868 г., – 364 с.
- Арминий Вамбери (2003). Путешествие по Средней Азии. Пер. с нем. З.Д.Голубевой под ред. В.А. Ромодина; Предисл. В.А. Ромодина; Комментар. В.А.Ромодина, С.Г.Агаджанова. – М.: Восточная литература. – 320 с.
- Usuf Akçura (2020). Üç Tarz-ı Siyaset. Kapı Yayınları. Editör: Hamdi Akyol. 1. Basım. Eylül. – 174 s.

Тао Цзинхун (2022). Тюркизм в строительстве турецкой нации и его влияние на китайско-турецкие отношения // История и современное мировоззрение. 2022. Т. 4. №2. С. 141-147. <https://www.urvak.ru/authors/17351/> (Accessed 20.04.2025.)

Kemal H. Karpat (2001). *The politicization of Islam Reconstructing Identity, State, Faith, and Community in the Late Ottoman State*. Oxford University. – 544 p.

Osmanlı Belgelerinde Merkezi Asya Tarihi. Cilt 1. Politik ve Diplomatik İlişkiler / Belgelerle Osmanlı-Türkistan ilişkileri (XVI-XX. Yüzyıllar) / Başbakanlık Osmanlı Arşivi. A.MKT. MHM, 431/82), IICAS, TAD. Semerkand, 2011. – 310 s.

Васильев А.Д. (2014). «Знамя и меч от падишаха». Политические и культурные контакты ханств Центральной Азии и Османской империи (середина XVI – начало XX вв.). М.: Институт востоковедения РАН, ПРОБЕЛ-2000. – 356 с.

Osmanlı Belgelerinde Merkezi Asya Tarihi. Cilt 1. Politik ve Diplomatik İlişkiler / Belgelerle Osmanlı-Türkistan ilişkileri (XVI-XX. Yüzyıllar) / (Başbakanlık Osmanlı Arşivi, Y. PRK. ASK, 40/41). IICAS, TAD. Semerkand, 2011. – 310 s.

Selçuk Türkyılmaz (2018). İsmail Gaspralı ve Rusya türklerinde milli uyanış. Usul-i Cedid eğitim. Ketebe. – 256 s.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві, 90 қор, 1 том, 220 іс.

Лысенко Ю. А. (2019). The Question of the Reliability of the Muslim Educational Institutions of the Turkestan Region in the Reports of the Official of Special Assignments of the Ministry of Internal Affairs L. Naumov // *Bylye Gody*. 2019. Vol. 54. Is. 4. – 1939 с.

Котюкова Т.В. (2015). Туркестан в дискурсе фронтальной модернизации Российской империи в конце XIX – начале XX в. // *Ислам в современном мире*. Том 11. № 1. – 176 с.

Yalçınkaya, Alaeddin (1997). *Sömürgecilik-Panislamizm Işığında Türkistan*. İstanbul: Timaş. – 336 s.

Osmanlı Belgelerinde Merkezi Asya Tarihi. Cilt III. Toplumsal ve Gündelik Yaşam / Belgelerle Osmanlı-Türkistan ilişkileri (XVI-XX. Yüzyıllar) / Başbakanlık Osmanlı Arşivi, Y.PRK. EŞA, 13/14. IICAS, TAD. Semerkand, 2012. – 313 s.

Исмаилов А.И., Базарбаев К.К. (2013). Джахидизм – история просветительского движения и свободомыслия в Средней Азии, конце XIX – начало XX века // *Былые годы*. – 2013. №1 (27). <https://bg.cherkasgu.press/ru/archive.html?number=2013-03-23-6:27:02&journal=28> URL: // (Дата обращения 16.05.2025.)

## References

Constitution Ottomane (1876). Le 7 Zilhidjé 1293 (11/23 Décembre 1876). Constantinople Typographie Et Lithographie Centrales. – 34 p. (in French)

İlber Ortaylı (2000). *Osmanlı – İmparatorluğu’nda İktisadi Ve Sosyal Değişim*. Makaleler I. Turhan Kitab Evi Yayinlari. Birinci Bası, Kasım. – 309 s. (in Turkish)

Qazaqstan Respublikasynyñ Ortalyq memlekettik arşivi, 369 qor, 1 tom, 871 is. (in Kazakh)

Arminij Vamberi (1868). *Ocherki po istorii Srednej Azii*. Tipografiya A.I. Mamontova i Ko, Bol’shaya Dmitrovka, d. №7, 1868 g., – 364 s. (in Russian)

Arminij Vamberi (2003). *Puteshestvie po Srednej Azii*. Per. s nem. Z.D. Golubevoj pod red. V.A. Romodina; Predisl. V.A. Romodina; Komment. V.A. Romodina, S.G. Agadzhanova. – M.: Vostochnaya literatura. – 320 s. (in Russian)

Usuf Akçura (2020). *Üç Tarz-ı Siyaset*. Kapı Yayınları. Editör: Hamdi Akyol. 1. Basım. Eylül. – 174 s. (in Turkish)

Тао Цзинхун (2022). Тюркизм в строител’стве турецкой нации и его влияние на китайско-турецкие отношения // *История и современное мировоззрение*. 2022. Т. 4. №2. С. 141-147. <https://www.urvak.ru/authors/17351/> (Accessed 20.04.2025.) (in Russian)

Kemal H. Karpat (2001). *The politicization of Islam Reconstructing Identity, State, Faith, and Community in the Late Ottoman State*. Oxford University. – 544 p. (in English)

Osmanlı Belgelerinde Merkezi Asya Tarihi. Cilt 1. Politik ve Diplomatik İlişkiler / Belgelerle Osmanlı-Türkistan ilişkileri (XVI-XX. Yüzyıllar) / Başbakanlık Osmanlı Arşivi. A.MKT. MHM, 431/82), IICAS, TAD. Semerkand, 2011. – 310 s. (in Turkish)

Vasil’ev A.D. (2014). «Znamya i mech ot padishaha» Politicheskie i kul’turnye kontakty hanstv Central’noj Azii i Osmanskoj imperii (seredina XVI – nachalo XX vv.). M.: Institut vostokovedeniya RAN, PROBEL-2000. – 356 s. (in Russian)

Osmanlı Belgelerinde Merkezi Asya Tarihi. Cilt 1. Politik ve Diplomatik İlişkiler / Belgelerle Osmanlı-Türkistan ilişkileri (XVI-XX. Yüzyıllar) / (Başbakanlık Osmanlı Arşivi, Y. PRK. ASK, 40/41). IICAS, TAD. Semerkand, 2011. – 310 s. (in Turkish)

Selçuk Türkyılmaz (2018). İsmail Gaspralı ve Rusya türklerinde milli uyanış. Usul-i Cedid eğitim. Ketebe. – 256 s. (in Turkish)

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты, 90 қор, 1 том, 220 іс. (in Kazakh)

Лысенко Ю.А. (2019). The Question of the Reliability of the Muslim Educational Institutions of the Turkestan Region in the Reports of the Official of Special Assignments of the Ministry of Internal Affairs L. Naumov // *Bylye Gody*. 2019. Vol. 54. Is. 4. – 1939 с. (in English)

Kotjukova T.V. (2015). *Turkestan v diskurse frontirnoj modernizacii Rossijskoj imperii v konce XIX – nachale XX v. // Islam v sovremennom mire*. Tom 11. № 1. – 176 s. (in Russian)

Yalçınkaya, Alaeddin (1997). *Sömürgecilik-Panislamizm Işığında Türkistan*. İstanbul: Timaş. – 336 s. (in Turkish)

Osmanlı Belgelerinde Merkezi Asya Tarihi. Cilt III. Toplumsal ve Gündelik Yaşam / Belgelerle Osmanlı-Türkistan ilişkileri (XVI-XX. Yüzyıllar) / Başbakanlık Osmanlı Arşivi, Y.PRK. EŞA, 13/14. IICAS, TAD. Semerkand, 2012. – 313 s. (in Turkish)

Исмаилов А.И., Базарбаев К.К. (2013). Джахидизм – история просветител’ского двизheniya i svobodomyслиya v Srednej Azii, konce XIX – nachalo XX veka // *Bylye gody*. – 2013. №1 (27). <https://bg.cherkasgu.press/ru/archive.html?number=2013-03-23-6:27:02&journal=28> URL: // (Data obrashcheniya 16.05.2025.) (in Russian)

**Авторлар туралы мәлімет:**

Калдыбаева Сафура Сапарғалиевна – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: safurakaldybayeva@gmail.com).

Сейфи Йылдырым – PhD доктор, Хажеттепе Университеті, Ататүрік принциптері және реформалар тарихы институтының профессоры (Түркия Республикасы, e-mail: seyfi@hacettepe.edu.tr).

**Information about authors:**

Kaldybayeva Safura Sapargalievna – Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: safurakaldybayeva@gmail.com).

Seyfi Yildirim – PhD, Professor Hacettepe University, Institute of Atatürk Principles and History of Reforms (Republic of Türkiye. e-mail: seyfi@hacettepe.edu.tr).

**Сведения об авторах:**

Калдыбаева Сафура Сапарғалиевна – Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Казахстан, г. Алматы, e-mail: safurakaldybayeva@gmail.com).

Сейфи Йылдырым – доктор PhD, профессор Университета Хажеттепе, Институт принципов Ататюрка и истории реформ, Турецкая Республика. e-mail: seyfi@hacettepe.edu.tr

Келін түсті: 24.09.2025

Қабылданды: 19.02.2026